

Евгени Драгунов 1920 жылы Ижевск қаласында қару-жарақ жасаушы отбасында дүниеге келген. Бұл ата кәсіп ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, өз жалғасын тауып отырған. Оның атасы да сол Ижевск қаласында қару-жарақ шығаратын зауытта шебер болып жұмыс жасаған. Евгений мектепті бітіргеннен кейін Ижевск индстральді техникумды тәмамдайды. Сол жердегі қару-жарақ шығаратын зауытта қызметін бастайды. 1939 жылы әскер қатарына алынып, соғыс кезінде өзінің табандылығы мен шеберлігінің арқасында аға қару-жарақшы болады. 1945 жылы сұрапыл соғыс аяқталып, әскерден келгеннен кейін, бұрынғы ісін қайтадан қолға алып, қару жасауға шындап кіріседі.



Евгений Драгунов: «Бұл қаруды құрастыру барысында көптеген қиындықтарға тап болды. Мысалы, мерген винтовкасының сенімді жұмыс жасауы үшін жылжымалы бөліктердің арасында үлкен саңылау болуы керек еді. Ал, винтовка шоғырлы әрі ықшамды болуы үшін, оны барынша қысыңқырап келтіру керек. Әрең дегенде 1962 жылы қаруды аяқтады. Тек қана оқтың қорабын жасауға бір жылдан астам уақыт жұмсады. Құрастырушының бұл мылтықтың жасалуы оңайға соқпағандығы, үлкен еңбек пен темірдей төзімділіктің арқасында дүниеге келгенін аңғару қиын емес.

Драгунов мергендік

винтовкасының сипаттамасы:

Механизм: автоматты

Калибр: 7.62 мм

Оқ: 7,62×54R

Салмағы:

а) оптикалық көздеуіш пен оқ қорабынсыз: 3.7 кг

ә) оқ толтырылған қорабы, көздеуіш және сүңгі-пышақпен қосқанда: 4,52 кг

Ұзындығы:

а) сүңгі-пышақпен: 1370 мм

ә) сүңгі-пышақсыз: 1225 мм

б) ұңғының ұзындығы: 620 мм

Оқтың алғаш атылғандағы жылдамдығы: 830 м/с

Ұрыстың ату жылдамдығы 1 мин-та: 30 атысқа дейін

Ұңғының күші: 4064 дж

Көздеу ұзақтылығы:

а) Оптикалық көздеуішпен: 1300 м

ә) Ашық көздеуішпен: 1200 м

Оқ қорабының сыйымдылығы: 10

оқ



Драгунов мергендік винтовкасы - мергеннің басты қаруы саналады және ол күтпеген жерден шыға келген, жылжып келе жатқан, ашық және бүркемеленген жеке нысандарды жоюға арналған. Сонымен қатар, бұл винтовка өзі оқталатын ерекше қасиетке ие. Яғни, мерген мылтықты ату үшін, оқ қорабындағы оғы таусылғанша оны оқтап артық күш жұмсамайды.

Евгений Драгнуов бұған дейін де бірнеше қару түрін жасаған болатын. Әсіресе, спорттық үлгідегі қаруларға көп көңіл бөлген. Алайда, оны төрткүл дүниеге танымал еткен басқа емес, осы аты аңызға айналған дәл осы Драгунов мергендік винтовкасы (ДМВ) еді. Кеңес одағының кезінде жасалған қару жылдар сырғып, 70 жылдан астам уақыт өткенімен, өзі, атақ-даңқы ескіре қойған жоқ. Мысалға, Үндістан, Румыния т.б. мемлекеттер рұқсат алып, өз елдерінде шығарса, Венесуэла Молдавия, Чехия сияқты елдер, отандық әскерлерін қаруландыруда пайдаланады. Осы сияқты, Қытай, Түркия, бастаған ұзын саны 36 мемлекеттен астам елдер (ішінде Қазақстан да бар) бұл қаруды әртүрлі мақсатта пайдаланады екен.

www.oblivion-lost.com



СВД
"ИЖ-МАШ" Россия

-GSC-Game World 2002
PROF

В комплект снайперской винтовки входят :

1 — прицел снайперский оптический, индекс 6Ц1 - 1 шт.;

2 — штык-нож, индекс 6Х5 - 1 шт.;

3 — сумка для прицела и магазинов, индекс 6Ш18 - 1 шт.;

4 — сумка под ЗИП, индекс 6Ш26 - 1 шт.;

5 — ремень для ношения стрелкового оружия, индекс 6Ш5 - 1 шт.

Прицел снайперский оптический комплектуется:


6 — чехлом;

7 — зимней системой

освещения;

8 — индивидуальным ЗИП-ом.





Назарларыңызға рахмет

Орындаған: Жорзабаев Руслан

Тексерген :Оспанқұлов Ернар